

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Жаратылыстану ғылымдары факультеті
Физика кафедрасы
Оқу - әдістемелік семинар
№ ХАТТАМАСЫ

Күні: 09.12.2024ж.

Уақыты: 14.20

Қатысқандар: ф.-м.ғ.к., аға оқытушы С.М. Бекбаев, х.ғ.к. М.Қ. Түйебаев, PhD, аға оқытушы К.А. Катпаева, PhD, доцент Ш.Р. Құрбанбеков, PhD, аға оқытушы И.Б. Усембаева, PhD, аға оқытушы Е. Досымов, PhD, аға оқытушы Н.Ә. Шектібаев, PhD, оқытушы С.А. Бахтибаева, оқытушы М.О. Беркинбаев, 7M01506-Физика білім беру бағдарламасының 1, 2 - курс магистранттары және Факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы, техн.ғ.к., доцент м.а. Э.Қ. Ибрагимова.

Күн тәртібінде

1. Кафедра оқытушыларының оқу – әдістемелік семинарында: Физика кафедрасының х.ғ.к., М.Қ. Түйебаевтың «Критериалды бағалауды физика сабағында қолданудың тиімділігі» тақырыбындағы баяндамасын тыңдау және талдау.

Семинардың өту түрі: оффлайн форматта өтілді.

Семинарды жүргізген PhD, аға оқытушы Н.А. Шектибаев:

Кафедрамыздың х.ғ.к., М.Қ.Түйебаевтың «Критериалды бағалауды физика сабағында қолданудың тиімділігі» тақырыбындағы баяндамасын тыңдауға және талдауға шақырамын.

х.ғ.к., аға оқытушы М.Қ.Түйебаев:

Елімізде білім беру жүйесі тәуелсіздік алған жылдардан бері үздіксіз реформаланып келе жатқан салалардың бірі. Бұл отандық білім беру жүйесін әлемдік деңгейдегі білім беру нәтижелеріне қойылатын талаптарды қанағаттандыру мен озық оқыту тәжірибелерін іске асыру, болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында әлі күнге жалғасып келеді.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында: «адами капиталды дамытудың негізгі шарттары болашақ қызметкерлерді жоғары сапалы және талап етілетін дағдылар мен құзыреттілікке оқыту болып табылады» деп көрсетілсе, 2022 жылғы 15 желтоқсанда қабылданған «Педагог» кәсіптік стандартында мектеп педагогы қызметінің негізгі мақсаты: «білім алушының жеке басының білімін, іскерлігін, дағдыларын және интеллектуалдық, адамгершілік, шығармашылық және физикалық дамуын қалыптастыру» деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында «құндылыққа бағдарланған, іс-әрекеттік, тұлғаға бағдарланған және коммуникативті тәсілдер негізінде орта білім беру мазмұнын жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру және күшейту қажет. Экономикалық, әлеуметтік-саяси, ғылыми-технологиялық даму процестерімен білім беру саласына қойылатын талаптар деңгейіне заманауи педагогикалық теория мен практиканың сәйкестігін қамтамасыз ету маңызды» деп атап өтілген.

Білім сапасын жақсарту, білім алушылар мен болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығына қойылатын талаптар ұдайы жетілдірілуде.

Осы орайда, физика сабағында критериалды бағалау жүйесін қолданудың тиімділігін зерттеу жұмыстың мақсаты болып табылады.

«Бағалау» - одан арғы оқыту туралы шешім қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жинақтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин.



Бағалау арқылы оқу үдерісін жақсартуға ықпал ететін бес қарапайым фактор бар:

- Оқушылармен тиімді кері байланыс орнату.
- Оқушыларды өздерін оқу үдерісіне қызу араластыру.
- Оқыту мен бағалау нәтижелері арасында байланыс орнату.
- Оқу табыстылығының негізгі факторлары болып табылатын оқушылардың ынтасы мен өз қадір-қасиеттерін сезінуді дамытудағы бағалаудың мәнін түсіну.
- Өз жұмысын өзі бағалау және өзін өзі жетілдіру жолдарын түсіне білуді дамыту.

Критериалды бағалаудың тәжірибелік маңызы

1. Оқушылардың өздері емес, тек жұмыстары бағаланады;
2. Оқушы жұмысы оларға алдына ала белгілі дұрыс жасалған жұмыс үлгімен салыстырылады;
3. Оқушыларға белгілі, сол арқылы қиналмай есептеу жасай алатын және ата-анасына хабарлай алатын, баға шығарудың нақты алгоритмі бар;
4. Бағалау критерийлері оқу мақсаттарының нақты көрсеткіштері болғандықтан, не оқып игерілсе, тек сол ғана бағаланады

Мұғалім үшін:

Оқытудың сапалы нәтижелерін алуға мүмкіндік беретін бағалау критерийлерін жасауға;

Өз жұмысын талдау мен жоспарлау үшін жедел ақпарат алуға;

Оқытудың сапасын жақсартуға;

Әр оқушының жеке ерекшеліктері негізінде жеке оқу траекториясын құруға;

Бағалаудың әр түрлі құралдары мен амалдарын тиімді қолдануға;

Оқу бағдарламасы мазмұнын жетілдіру бойынша құнды ұсыныстар жасауға.

Оқушы үшін:

Өз түсінгендігін көрсету үшін түрлі оқыту стилдері және ойлау әрекеттері мен қабілеттерін пайдалану;

Табыс критерийі маңызын түсіну, нәтижені болжау үшін бағалау критерийлерін білу мен түсіну;

Өзін және өзгелерді бағалай отырып, рефлексия жасауға қатысу;

Өз білімін нақты мәселелерді шешу, түрлі көзқарастарды жеткізу, сыни ойлауын көрсету үшін пайдалану.

Ата-ана үшін:

Баланың оқу деңгейі туралы дәлелдемелер алып отыру;

Баланың оқудағы ілгерілеуін қадағалау;


Оқу барысында балаға қолдау жасау.

Критериалды бағалаудың басты ерекшелігі:

1. Алдын-ала ұсынылған бағалау шкаласы;
2. Анық, айқындылығы;
3. Бағаның әділдігі;
4. Өзін-өзі бағалауға мүмкіндіктің берілуі.

Әңгіме-дебат барысында: 1) ой-пікірлерде үлкен алшақтық болады және әрқайсысы өз шешімдерінде қалады; 2) ресурстарды біріктіруге бағытталған аздаған талпыныс жасалады; 3) қарым-қатынас көбіне «Иә, бұл солай», «Жок, олай емес» деген бағытта жүзеге асады; 4) Орта бірлесуден гөрі, көбіне бәсекелестікке бағытталған.	Кумулятивтік әңгіме барысында байқалатын жайлар: 1) айтылған пікірлермен тындаушылардың әрқайсысы механикалық түрде келісе береді; 2) әңгіме білім алмасу мақсатында жүргізілгенімен, оған қатысушылардың өзгелер ұсынған қандай да болсын идеяларды төзімділікпен тындайды; 3) идея қайталанады және жасалынады, бірақ үнемі мұқият бағалана бермейді.
Зерттеушілік әңгіме жүргізілу үстінде: 1) әркім ақылға қонымды мәлімет ұсынады; 2) әркімнің идеясы пайдалы деп саналғанымен, мұқият бағаланады; 3) қатысушылар бір-біріне сұрақ қояды; 4) қатысушылар сұрақ қояды және айтқандарын дәлелдейді, осылайша әңгімеде дәлелдеме «көрінеді»; 5) топтағы қатысушылар келісімге жетуге тырысады (олар келісімге келуі де, келмеуі де мүмкін, ең бастысы – келісімге ұмтылу).	

Диалог деңгейі мен атауы	Диалогтың іске асуы	Диалог мазмұны
Астарлы әңгіме (Жоғары)	Диалогқа қатысушылар бір – біріне не туралы айтып жатқанын түсіну үшін әңгімені бұзбай толық тындайды және диалогтың не туралы айтылғанын түсінеді. Сонымен қатар, әңгіме айтушының не себептен солай айтып жатқанын, оған осы әңгімені осылай айтуға не себеп болғанын, оны қандай мәселелер толғандыратынын, яғни әңгіменің көрінбей жатқан астарын түсінуге тырысады. Диалогтың мұндай түрі интеллектісі жоғары деңгейдегі адамдарға тән және ішкі жан-дүниесінің деңгейі жоғары.	Диалог ғылым, мәдениет, философия, идеялар т.с.с. туралы жүреді.
Қалыпты әңгіме (Орта)	Диалогқа қатысушылар бір-біріне не туралы айтып жатқанын түсіну үшін әңгімені бұзбай толық тындайды және диалогтың не туралы айтылғанын түсінеді. Бұндай жағдайда диалогқа қатысушылардың ортақ келісімге келуі немесе келмеуі әркімнің санасы мен пайымына және келтірілген аргументтеріне де байланысты болады. Диалогтың мұндай түрі интеллектісі орта деңгейдегі адамдарға тән және ішкі жан-дүниесінің деңгейі орта.	Диалог болған оқиғалар туралы жүреді (мерекелер, тойлар т.с.с.)
Даулы әңгіме (Төмен)	Диалогқа қатысушылар бірін – бірі тек қана жауап беру немесе құтылу үшін ғана тындайды. Бұндай жағдайда ешқандай ортақ түсінік пен келісім болмайды. Диалогтың мұндай түрі интеллектісі төмен деңгейдегі адамдарға тән және ішкі жан-дүниесінің де деңгейі төмен.	Диалог көпшілік жағдайда адамдар туралы болады.



“Мақта қыз” ертегісі бойынша оқушылар жетістігін бағалау критерийлері

№	критерий	дескриптор	ұпай
1	есінде	1.есінде түк жоқ.	0
		2.берілген тапсырманың бір бөлігін ғана біледі.	10
		3.Берілген тапсырманы сырттан берілген көмек арқылы толық айтады(шатастырады).	10
		4.тапсырманы жаттанды түрде айтады.	10
2	түсінеді	1.тапсырманы сенімді айтады.	10
		2.кейіпкерлердің орнын ауыстырған жоқ(шатаспайды).	10
		3.ертегіні айтудағы дауыс екпіні өте жақсы (интонациясы)	10
3	жетілдіреді	1.сөз қорының байлығы.	10
		2.конфликтінің жақсылыққа апармайтынын түсінеді.	10
		3.мысықтың өз мақсатына жетудегі табандылығын түсінеді.	10
		4.мақсатқа жетудігі нәпсісін тыйуы.	10

PhD, аға оқытушы И. Усембаева: Физика сабағында қолданылатын бағалау критерийлеріне қандай факторлар әсер етеді?

Аға оқытушы А. Батырбекова: Бұл жүйе оқушылардың физикалық тәжірибелерді, зерттеулерді қалай орындауын өзгерте ала ма?

PhD, аға оқытушы Б.А. Курбанбеков: Практикаға бағытталған тапсырмаларды орындау барысында барысында қандай қиындықтар кездесті және оларды қалай шештіңіз?

PhD, аға оқытушы Н.А. Шектибаев: Мұғалімдер критериалды бағалауды қалай қолдануы керек, және олар үшін қандай қиындықтар туындайды?

Физика кафедрасының меңгерушісі, PhD, аға оқытушы Б.Ж. Сейтов: қазіргі таңда әр ұстаздың алдына қойған мақсаты – оқытудың

әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру, жаңа технологияларды меңгеру. Жаңа педагогикалық технологиялар білім алушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойын дамытуға ықпал етеді. Оқыту процесінде пайдаланып жүрген әр түрлі тәсілдер өз нәтижелерін көрсетуде. Осыған орай, бүгінгі семинарда ұсынылған тақырып оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік беретін әдістерді қамтыды. Жағартылған білім беру мазмұны аясында оқыту мақсаттары жүйесінің ұстанымдарын талқылады, оқыту мақсаттарына сай дескрипторларды әзірлеп нақты көрсетті.

Сұрақтарға толық жауап алынды, енді осында отырған әріптестер шешім шығарайық.

ШЕШІМ: Критериалды бағалау жүйесі физика сабағында оқушылардың білімін бағалаудың тиімді әдісі болып табылады. Ол оқушылардың жеке жетістіктерін ескеріп, білім сапасын арттыруға ықпал етеді. Бұл жүйе мұғалімдерге объективті түрде бағалау жасауға мүмкіндік береді және оқушылардың өздерін дамытуға деген ынтасын күшейтеді. Жүйені тиімді енгізу үшін мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру, бағалау критерийлерін үнемі жетілдіру және оқушыларға конструктивті кері байланыс беру өте маңызды. «Критериалды бағалауды физика сабағында қолданудың тиімділігі» тақырыбындағы баяндамасы оқу үдерісінде қолдану назарға алынсын.

Факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы,
техн.ғ.к., доцент м.а.

Э.Қ. Ибрагимова

Физика кафедрасының меңгерушісі,
PhD, аға оқытушы

Б.Ж. Сейтов